

**Британдық білім алғаны туралы құжаттардың  
түпнұсқалығын Қазақстанда растау****ЕРЕЖЕЛЕР****Мақсат**

Британдық білім беру ісінің беделін қорғауды және Ұлыбританияның мекемелерінің жалған құжаттарды және оқу орны немесе кәсіби ұйым деген ресми мәртебесі жоқ мекемелер берген құжаттарды растауына жол берілмеуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстанның бүкіл аумағында құжаттардың түпнұсқалығын растаудың бірыңғай саясатының қолданылуын келісу және қамтамасыз ету.

**1. Құжаттардың көшірмелерін куәландыру тәртібі**

1. Құжаттардың түпнұсқалары қағаз сапасының, логотиптің, су таңбаның, мөрдің (соның ішінде оның болмауының), элементтер мен мәтіннің орналасуының, қаріптердің, ағылшын тілі стилистикасының, қолтаңбаның (соның ішінде оның болмауының) сәйкессіздігі бойынша, сондай-ақ сәйкес келмейтін ақпарат бойынша (мысалы, курстың қате көрсетілген ұзақтығы және т.с.с.) жалған жасау нышандарының бар-жоғы тұрғысынан мұқият тексеріледі.
2. Құжатты берген британдық мекемеге анықталған жалған жасау жайттары туралы хабарланады.

**2. Құжаттардың түпнұсқалығын растау тәртібі**

3. Құжаттардың түпнұсқалары қағаз сапасының, логотиптің, су таңбаның, мөрдің (соның ішінде оның болмауының), элементтер мен мәтіннің орналасуының, қаріптердің, ағылшын тілі стилистикасының, қолтаңбаның (соның ішінде оның болмауының) сәйкессіздігі бойынша, сондай-ақ сәйкес келмейтін ақпарат бойынша (мысалы, курстың қате көрсетілген ұзақтығы және т.с.с.) жалған жасау нышандарының бар-жоғы тұрғысынан мұқият тексеріледі.
4. Түпнұсқасыз ұсынылған факсимильдік көшірмелерді немесе ксерокөшірмелерді тек British Council құжатты берген мекеменің тікелей өзінен құжаттың түпнұсқалығы туралы растаманы алғаннан кейін ғана куәландыруға болады.
5. Қолмен жазылған құжаттарды тек British Council құжатты берген мекеменің тікелей өзінен құжаттың түпнұсқалығы туралы растаманы алғаннан кейін ғана куәландыруға болады.
6. Құжатты берген британдық мекемеге анықталған жалған жасау жайттары туралы хабарланады.

**2.1 Құжаттың түпнұсқалығын растау мақсатында, құжатты берген мекеменің резиденттігі**

Тек британдық мекемелер берген және британдық білім беру ісіне қатысы бар құжаттардың ғана түпнұсқалығын растауға болады. Қазақстандық мекемелер немесе Ұлыбританияның мекемелері болып табылмайтын басқа мекемелер берген құжаттардың түпнұсқалығын растау жүзеге асырылмайды.

**2.2 Құжатты берген мекеменің мәртебесі**

Тек оқу орны деген ресми мәртебесі бар британдық мекемелер немесе Ұлыбританияның кәсіби ұйымы берген құжаттардың ғана түпнұсқалығын растауға болады.

2.2.1 Төмендегі мекеме түрлерінің аталған мәртебесі бар, тиісінше, жоғарыда келтірілген талаптар орындалған жағдайда, олар берген құжаттардың түпнұсқалығын тиісті мекемеге сұрау салмастан растауға болады:

- . жоғары, кәсіптік, орта және бастауыш білім беретін барлық мемлекеттік білім беру мекемелері;
- . жекеменшік мекемелер: жоғары оқу орындары – Букингем университеті және Ричмонд колледжі; кәсіптік білім беру мекемелері – тек Британдық аккредитациялық кеңес (British Accreditation Council; BAC) аккредитациялаған мекемелер ғана;
- . Кембридж университеті: басқа тілдерде сөйлеушілерге арналған ағылшын тілі курстарынан (ESOL) және Кембридж университетінің халықаралық емтихандарынан (CIE) өткені туралы куәліктер;
- . мектептер деңгейіндегі емтихан комиссиялары (мысалы, ESOL, MEG);

. ағылшын тілін оқыту курстары үшін (ELT) British Council растаманы тек British Council ұйымының Ұлыбританиядағы Ағылшын тілі курстарын аккредитациялау жүйесіне (English in Britain Accreditation Scheme) сәйкес танылған тіл мектептері үшін ғана береді;

. кәсіптік білім беру мекемелері, мысалы SCOTVEC/SQA, EDEXCEL, RSA, City and Guilds және т.с.с.;

. Бас медициналық кеңес (General Medical Council; GMC), Бас стоматологиялық кеңес (General Dental Council), корольдік колледждер.

2.2.1 Сондай-ақ төмендегі мекеме түрлерінің де танылған мәртебесі бар, сондықтан олар берген құжаттардың түпнұсқалығын құжатты берген мекемеден растама алынған жағдайда растауға болады:

ағылшын тілін оқыту саласындағы біліктілікті растау органдары, мысалы, Pitman, Oxford, LCCI, ARELS және BASCELT;

жетекші кәсіби ұйымдар, мысалы, қаржыландыру, музыка, би және т.с.с. саласындағы ұйымдар таныған, кәсіптік білім туралы куәліктер;

Ұлттық денсаулық сақтау жүйесіне (National Health System; NHS) кіретін ауруханалар (машықтандыру және оқыту).

2.2.3 Қажет болған жағдайда органның мәртебесін және (немесе) куәлікті қосымша тексеруді жүзеге асыруға болады.

British Council Kazakhstan  
2016 жылғы наурыз